

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу –білім процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен жұмыс жасайды.

Балабақша аптасына 5(бес)күн жұмыс жасайды. Күніне 10,5 сағ таңертен 08.30 дан кешкі 18.30-ға дейін. Балабақша сыйымдылығы 75 орын, 3 топ жұмыс жасайды.

1 жастан-5 жас аралығында тәрбиеленушілермен қамтылған.

«Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы»жылдық жоспары оқу жылы басында талқыланып, №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Педагогикалық кеңестің хаттамалары, қаралған мәселелер шешімі хаттамада жазылып отырады. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеліп отырады.

2023-2024 оқу жылында қыркүйек айынан бастап, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»іске асыру жөніндегі кешенді жоспар құрылып, бекітіліп, «Аналар», «Әкелер», «Әжелер» мектептері құрылып, «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің»жұмыс жоспары құрылып жұмыс жасалуда.

«Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» педагогикалық ұжымы оқыту және тәрбиелеу процесін:

ҚР Білім беру Заңына

Жарғысына

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

Оқу жоспарына: Ішкі тәртіп ережелеріне ҚР Білім және Ғылым министрінің облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырылады.

Ата-аналар жиналыстары өткізіліп, ата-аанмен жылдық жұмыс жоспары жасалып, тығыз байланыста бірлесіп жұмыстар атқарылады. «Балабақша, ата-ана, тәрбиеші бірлігі-саналы ұрпақ кепілі» атты үш топта бір жеті ашық есік күн апталығы өткізілді. Ата-аналар туралы әлеуметтік жағдайлары туралы мәліметтер жинақталған. Жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, балабақша ішілік семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, кеңес берулер өткізіледі.

Республикалық, Облыстық, аудандық байқауларға, педолимпиадаларға қатысып, тәжірибе алмасып отырылады. Педагогтер өз жұмыстарында жаңашылдықпен жұмыс жасай отырып, жаңа технологияларды пайдаланады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауда психолог жұмыс атқарады. Әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар тәрбиеленушілердің тәрбиесінің алдын-алу бағытында жұмыстар жасайды. Логопед сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалармен топтық және жеке жұмыстар, массаж, әртүрлі логопедтік жаттығулар жасайды. Тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеуде жоспарлары жасалып, артикуляциялық жаттығулар, құм терапиясы, суджок терапиясы, тыныс алу жаттығулары, қол саусақ жаттығулары жасалады.

Жас ерекшеліктеріне байланысты жек тұлғаны дамытуда, ойын ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті көрнекі құралдар А-4 форматта, үлестірмелі ресурстар, көрнекіліктер, балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне

қажетті спорттық құралдармен жабдықталған. Әр топта үстел-үсті ойындары, қимылды, дидактикалық ойындар жинағы, жабдығы және құрастыру материалдары бар. Театр қызметтері арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатында саусаққа киілетін қуыршақ театры, үстел-үсті театры, тантамареска театры, орамал театры және кейіпкер атрибуттары дайындалған.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, кіре берісте, балабақша аумағында бейне бақылау камералары қондырылған. Топ бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасында барлығы - 13 педагог жұмыс жасайды. Балабақшада кадр тұрақты. Менгеруші, әдіскер, 8-тәрбиеші, музыка жетекшісі, психолог, логопед жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша, жоғары білімді-8; арнаулы орта-5

Үшінші санатты басшы-1

Жоғары санат-1

Бірінші санат-3

Педагог-модератор-2

Педагог-сарапшы-1

Педагог-зерттеуші-2

Санатсыз-3

Өрлеу біліктілікті арттыру курсынан өткен педагог-12

Жаңартылған бағдарлама бойынша -3

Тәрбиеленуші Мырзаш И Республикалық «Ғарышкерлер күні» сурет байқауының аудандық кезеңіне қатысып Мен ғарышкермін номинациясы бойынша жүлделі II орын; «Анам, әжем және мен» атты республикалық байқауынан аудандық I орын, облыстық Алғыс хатпен;

Ақтөбе-Дарын өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Мен зерттеушімін» байқауының аудандық кезеңінен жүлделі I орын; «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен «Өнеріміз саған-Қазақстан» байқауынан аудандық би жанры бойынша I орын, облыстық III орын; «Аналар-Асыл жандар» Республикалық балалар және жасөспірімдер арасында өнер байқауы «Хореография» номинациясымен Бас жүлде иеленді.

Қол жетімді білім беру үшін жағдай жасау

Балабақшада әдістемелік бөлме жихазбен, әдістемелік әдебиеттер және балалар әдебиеттерімен, картотека жинақтарымен, баспасөз газеттері жинақтарымен жабдықталған. Әдістемелік кабинетте педагогтардың іс-тәжірибелері жинақталған. Балабақшада әдістемелік жұмыс педагогикалық ұжымның жұмысын білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік кеңес жоспар бойынша өткізіліп, тәрбиешілерге көмектер беріліп, семинар, кеңестер, байқаулар өткізіліп тұрады. Әдістемелік кеңестер өткізіліп, хаттамалары жазылып, дәптер номерленіп, тігілген. Балабақшада Педагогикалық әдеп Кеңесі құрылған оқу жылдарын арналған жұмыс жоспарлары жасалып, бекітіліп, педагогтармен жұмыс жүргізіледі және әлеуметтік желілерде жарияланып отырады. Педагогикалық этика нормалары мен ережелері сақталып, ешқандай мәселе қаралған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары да

жасалып, талқыланып, бекітілген. Жоспар бойынша жұмыс жасалып отырады.

WI-FI интернет жүйесіне қосылған, бөлмеде компьютер бар. ВЕБ сайт қолданысқа енгізілген.

Тәрбиеленушілермен даму мониторингісі әр жылға жасалып, жинақталған.

Балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сай сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер анықталған.

Ұлттық білім беру деректер қорына енгізілген мәліметтер бойынша контингент-75 бала Darga bala kz-де 75 бала орналасқан. «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығымен балалардың құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілген стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. Балалар қозғалыс журналы, келісім шарт, тіркеу журналы талапқа сай. Жасына сай қағидалары бойынша топтарға бөлінеді. Балабақшада ата-аналармен қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізілген онда ата-аналардың міндеті, төлемақысы көрсетілген. Ата-аналық жарна бір күнге-600 теңге.

Ұсыныстар:


1. Педагогтердің санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Барлық топта пәндік-дамытушы орта толықтырылсын.
3. Әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.


Қорытынды:


Балабақшаның басқару қызметі «Жақсы» деңгейде деп есептелінсін.


Комиссия «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасында өткен өзін-өзі зерделеуді негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады.


«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» мәртебесіне сай деп есептелсін.

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі:  Э. Амангосова
Үшінші санатты басшы

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» әдіскері:  Г. Абишева
Жоғары санатты

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» тәрбиешісі:  Л. Нұртаза
Педагог-зерттеуші

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» тәрбиешісі:  А. Серікбаева
Педагог-зерттеуші

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» тәрбиешісі:  М. Калиева
Педагог-сарапшы

«Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі аттестаттау қорытындысы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын және өткізу жөніндегі нұсқаулықты негізінде «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» өзін-өзі аттестаттау өткізді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Мекеменің толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы): 030300 Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылы Барак батыр көшесі №27 үй

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, веб сайт) (871345)22362; Sadik-karaulkeldi@mail.kz; инстаграмм: karaulkeldy.balabaksha

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Амангосова Эленора Мухтаровна Бұйрық №127 06.11.2023 ж Байғанин аудандық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

Жарғы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «23» желтоқсан №469 қаулысымен бекітілді.

6. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 2021 ж 08.01 жүргізілді.
БСН 020140003526 №23-1904-05-НАО-МК

Бастапқы тіркелген 17.01.2002 ж

7. Рұқсат беру құжаттары: Мемлекеттік лицензия сериясы ФФ №0009210

Лицензия берілген күні 08 шілде 2002 жыл. Ақтөбе қаласы

Лицензия берген орган Облыстық білім басқармасы

8. Жер пайдаланушы: «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік кәсіпорны, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы, Барак батыр көшесі №27 үй. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі -02-023-014-283

Жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы, Жер учаскесінің көлемі -0,4081 га
Актінің берілу негізі-ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 05 сәуірдегі №00071 қаулысы

Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай.
Медициналық қызметке лицензия берілген: 19.12.2013 ж 10834DD

Балабақшаның оқу жылына алған дайындығы актісі бар. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген Мекемедегі өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтар жасалған.